Қоғамдық-саяси және ақпараттық-жарнамалық газет

# Халық ақпарат

www.halykakparat.kz

№14/1 (589) от 20.01.2019 г.



# Спуститься на дно океана

Как описывает поэт океан? Он называет его тёмно-синим, бурлящим, бушующим, глубоким, пенным, волшебным, свирепым и даже страстным. Когда вспоминаешь океан, невольно представляешь себе его обитателей. Рисуешь образы коварных хищников с острыми зубами и чувствительным слухом. Иногда перед глазами всплывают пиратские фрегаты, вооружённые до зубов. И всё это сказочно воспроизводит наш мозг так, что безумно хочется переместиться из точки «А» поближе к океану, несмотря на огромные расстояния. Желания должны сбываться. Сегодня, посреди вольной казахской степи, в столице Казахстана Астане, каждый желающий может прикоснуться к океанским глубинам и воочию увидеть её жизнь. Тем, кто привык получать от жизни всё читать обязательно.

Одной из главных достопримечательностей Астаны считается океанариум, который занесён в книгу рекордов Гиннеса как единственный в мире комплекс, расположенный на расстоянии 3000 км. от океана. Столичный океанариум – это 3 млн. литров воды, разбавленной морской солью. В большом главном резервуаре и двух выставочных отсеках живут более 2000 морских обитателей, привезённых из разных уголков подводного мира планеты. В центральном резервуаре на его дне расположен необычный акриловый тоннель, по которому гуляют вдохновлённые экзотикой посетители.

Когда шагаешь по тоннелю, ощущение такое, будто карабкаешься по дну. Здесь можно наблюдать самых известных и страшных хищников мирового океана – акул. Туристы могут увидеть акулу-няньку, белоплавничную, лимонную и других.

Самым захватывающим зрелищем считается шоу «Кормление акул». Представление проводится дважды в день. На это стоит посмотреть. Бесстрашные сотрудники комплекса в водолазном снаряжении спускаются на дно резервуара. С помощью куска окровавленного мяса ребята заманивают хищников, плавающих где-то поблизости. Акулы обладают неповторимым обонянием и способны уловить запах свежей крови на расстоянии 3 км. В окрестностях океанариума хищники бросаются обедать уже через несколько секунд. Смотришь и переживаешь за парней, петляющих вокруг разъярённых акул. Сильные впечатления получают дети, которые комментируют всё, что видят. Необычное шоу длится около 10 минут и считается очень опасным.

Справа, слева, над вами проплывают бесчисленное множество мелких рыбёшек, способных погубить человека смертельным ядом за считанные секунды. Цветные, меняющие окраску, большеглазые, быстрые, остроносые, маскирующиеся – вот он разнообразный подводный мир океана. И всё это на расстоянии вытянутой руки. Эмоции запредельные.

С одним из туристов удалось побеседовать, и он рассказал нам о своих впечатлениях.

«Признаюсь честно, - говорит Ярослав из Минска, - к такому размаху был не готов. Я много путешествую, но ни в одной стране мне не удавалось побывать в таком замечательном месте, как РЦ «Думан». А когда мне сказали, что в центре находится океанариум, я незамедлительно купил билет и отправился смотреть на морских чудовищ. Прогулка по тоннелю меня очень вдохновила на творчество. Я художник по профессии, поэтому обязательно, как вернусь на родину, напишу картину о сказочных существах казахстанского океанариума» - закончил турист из Беларуси.

К слову сказать, пока не знаком с человеком, который бы равнодушно рассказывал о посещении океанариума. И взрослые, и дети выходили из тоннеля с лицами улыбающихся смайликов. Каждый делился ощущениями. Океанариум – единственное место, в котором сливаешься с природой. Такого вы нигде не увидите!

***Хотите увидеть, как аквалангист кормит акулу? Отключайте телевизор! Посмотрите всё вживую. Я в восторге!***

**Стоимость входного билета:**
взрослый – 3000 тенге
детский – 2500 тенге.
льготный (студенты и пенсионеры) – 2500 тенге.

**Работаем:**
1 мая -31 августа с 10:00 до 22:00.
1 сентября-30 апреля с 10:00 до 20:00.

**Мы находимся:**
Кургальжинское шоссе, д. 2 РЦ «Думан».

**Хочу увидеть мурену своими глазами:**
Телефон: +7 (7172 ) 24-22-22.

***Океан рядом…***





# Не голливудская история

**Столичный пришелец**

Они среди нас. Возможно, вы читаете эту статью, а за вами следят. Испугались? Расслабьтесь, дорогие читатели. Постараюсь не шокировать вас.

Представьте, некто посадил летательный аппарат у вас в городе и с удовольствием здравствует. Жителям становится страшно и одновременно жутко интересно. Вы в числе тех любознательных. Наверняка, вам сейчас хочется узнать ещё больше о загадочном госте.

Жителям Астаны невероятно повезло. Как раз в этот город и приземлился неизвестный объект, который уютно припарковался на улице Кабанбай Батыра. Размеры летательного аппарата гораздо внушительнее, чем в американском фантастическом кино про НЛО. И что самое интересное, обладатели космического судна очень гостеприимны. Никаких атомных пушек, лазерных пистолетов и других голливудских спецэффектов. Совсем наоборот.

С пятницы по воскресенье из тарелки раздаются аплодисменты. Иногда, как из глубины древней пещеры, доносится пугающий звериный рык, а то и вовсе, раздражающий нервную систему, скрежет заточенных сабель. Что бы это могло быть? Предлагаю разведать.

Оказывается, гигантская тарелка спроектирована нашим человеком. Проект создания такого необычного сооружения принадлежит знаменитому казахстанскому архитектору Толегену Абдильда. Архитектура здания как раз и является воплощением невероятных историй про космических пришельцев. Вдоль всей окружности строения симметрично расположены маленькие окна, словно иллюминаторы пассажирского Боинга. Рядом гнездятся хозяйственные постройки. Приготовьтесь. Очень важно не упустить следующий абзац.

На площади перед «космической тарелкой» сверкают на солнце оригинальные статуи. Среди них особенно хорош золотой клоун на велосипеде. Он безмолвно намекает всем нам, что же спрятано в самом сердце пугающей тарелки. Чувствуете, как приближается разгадка? Позволю себе сделать контрольный выстрел.



К тем самым хозяйственным постройкам относятся вольеры для животных. На таких площадках обитают самые разнообразные представители животного мира: амурские тигры, африканские львы, египетские крокодилы, тропические змеи, бурые медведи. В руках мастеровитых дрессировщиков опасные хищники превращаются в миролюбивых исполнителей смертельных трюков. Уверен, вы догадались, что скрывает от нас необыкновенная тарелка. Всё верно. Добро пожаловать на арену цирка!

Зрительный зал цирка вмещает 2000 человек. Арена соответствует всем требованиям циркового искусства, поэтому в столицу приезжают самые известные в мире коллективы. К примеру, популярнейший цирк Дю Солей ежегодно радует поклонников первоклассными номерами. Правда, достать билеты на шоу очень непросто. Спрос велик, как и количество людей, стоящих в очереди. А как насчёт столичных артистов?

Цирковой коллектив Астаны состоит из 320 человек, в том числе более 60 человек заняты работой в дирекции и администрации цирка. Команда мастеровитых циркачей всегда готова показать вам захватывающие номера. Если вы чувствуете лёгкое головокружение и покалывание по телу, значит, ребята делают всё безупречно. Стоит появиться на сцене укротителям тигров и львов, как у зрителей открывается второе дыхание, которое уж точно замирает от удара хлыста о манеж.

Неотъемлемой частью циркового выступления во все времена была клоунада. Тот самый весельчак с красным носом и в синих галошах. Ему разрешено дурачиться в любой компании и по любому поводу, смеяться, заводить народ шутками и просто дарить праздничное настроение детям и взрослым. В цирке некогда скучать, когда на арену выходят они.

Кто взмывает под купол и заставляет нас переживать? Конечно, воздушные акробаты и гимнасты. Невероятные пируэты то и дело вызывают бурю оваций. Чувство страха одолевает зрителя.

Взбудораженным умом зрителя, после таких захватывающих зрелищ, овладевает мастер тонкого искусства. Феерически появляется он - иллюзионист. Он знает про вас всё, поэтому не старайтесь недооценить великого волшебника, иначе ваши часы окажутся в чужом кармане.



Цирк всегда разный, полон эмоций и неповторимых впечатлений. Постарайтесь найти пару часов для прогулки всей семьёй на увлекательное и познавательное зрелище. Координаты цирка точь в точь совпадают с местом парковки летающей тарелки. Пришельцы ждут вашего появления в зрительном зале. Будьте уверены в том, что это приключение оставит память на всю жизнь.

**Совершенно секретно сообщаю…**
**НЛО Припарковались:**
Проспект, Кабанбай Батыра, 5
**Хочу увидеть шоу первым:**
+7 (7172) 244208, 244310, 244060, 244061

***Столичный цирк выбрал именно вас. Вы наш зритель!***



# Страна великанов

Вам знакома первая часть романа Джонатана Свифта «Приключения Гулливера»? Если вы одобрительно киваете, значит, вам известна история, которая рассказывает о фантастическом путешествии Гулливера в мифическую страну маленьких людей. Представьте, вы и есть тот самый великан. Но перед вами задача куда интереснее.

Весь узнаваемый Казахстан, с великим разнообразием природно-климатических зон и ландшафтов, архитектуры и градостроительных комплексов перед вами как на ладони. Всего за один час вам удастся обойти страну вдоль и поперёк. За это время вы побываете в 14 областях и 2 городах республиканского значения: Астана и Алматы. Масштабность сооружения впечатляет. Все экспозиции помещаются на территории, сравнимой с 2-мя футбольными полями. Представьте, с какой невиданной скоростью вы сможете переместиться с промышленного востока страны на берег Каспийского моря на западе. Это уникальный музей под открытым небом носит гордое название карта Казахстана «Атамекен». Путешествие начинается.

Будучи Гулливером, начинаем шагать по стране. Один ваш шаг в некоторых частях карты равен сотням метров, а то и тысячи. К примеру, одна из самых высоких вершин Заилийского Алатау вам покорится всего за 10 секунд!

С высоты птичьего полёта перед вами открывается шикарный вид: Мавзолей Ходжи Ахмета Яссауи, Бухтарминская ГЭС, Резиденция Президента, Алюминиевый завод и даже легендарный Байконур. Захватывающее зрелище.

Спустившись с гор, потребуется 2 минуты, чтобы оказаться в городе Астане. Маршрут проложен вдоль железной дороги, соединяющей 2 столицы. В пути вас ждут бескрайние казахские степи. Точно, как в реальности.

Более 200 достопримечательностей находится в этом парке миниатюр. Сердце музея – открытый форум с ареной, на котором проводят праздники, митинги и другие массовые мероприятия. Парк разбит на 5 больших секторов, символизирующих территориальные части Казахстана, и радиальные пояса, посвящённые разным периодам истории государства.

Шагая по стране, вы будто читаете историю нашей республики. Как школьник, который впервые сел за учебник. Поэтому, путешествие по карте дарит не только яркие впечатления, но и полезные знания.

Казахстанская земля видоизменяется, и карта дополняется и корректируется соответственно. Если вы были в музее 2 года назад, то вам следует посетить его ещё раз. Поверьте, это того стоит.

При выходе из музея вы снова возвращаетесь в настоящий мир. Перед глазами открываются городские пейзажи в реальном масштабе. Тот Гулливер, в которого вы превращались, исчез. Остались незабываемые эмоции и прекрасное настроение.

**Страна великанов ждёт вас в гости!**

**Стоимость входного билета:**
взрослым - 400 тенге.
для детей и пенсионеров - 200 тенге.

**Работаем:**
с 1 мая по 30 ноября ежедневно, кроме понедельника, с 10:00 до 20:00.

**Мы находимся:**
г. Астана, ул. Кургальжинское шоссе, 2/1 за гостиницей «Думан».

**Хочу в гости:**
+7 (71-72) 245-272, 241-599, 240-497

**Из Алматы в Астану за 2 минуты!**













# Бақытжан Қажымұқанов:
# Ең болмаса, бір әнімді бүкіл ел білсе екен деймін



***90-жылдардың ортасында қазақ эстрадасына өзінің «Таңғы жас», «Алтынай» секілді әндерімен жаңалық әкелген әнші, композитор Бақытжан Қажымұқанов қазір қайда жүр? Оның қазіргі қазақ әндерінің сапасына қатысты пікірі қандай? Бұл сұрақтардың жауабын төмендегі сұхбаттан біле аласыз.***

– Бақытжан аға, сіздің шығармашылы-ғыңызбен сырттай таныспыз, құрметтейміз. Бірақ, соңғы кездері өзіңізді көп жерден көріп жүрген жоқпыз. Сіз қайда жүрсіз?

– «Неге көрінбей кеттің?» деген сұраққа не деп жауап берсем екен, қарындасым? Қазір біздің эстрадада жеңіл-желпі әндер көбейіп кетті ғой. Менің әндерімнің сипаты олардан бөлектеу болғандықтан, концерттерге шақырмайтын шығар. Шақырған жерге қуана-қуана барамын, ал шақырмаған жерге өзімді тықпаламаймын. Алматыда шағын жеке студиям бар. Сол жерде ән жазамын, оларды өңдеймін. Әзірге бұйырғаны осы болып тұр.

– Телеарналарға жиі шақыра ма?

– Анда-санда шақырып тұрады. Осыдан біршама уақыт бұрын «Кешкі кездесу» деген бағдарламаға бардым. Телевизиялық концерттерде екі-үш әнімді орындадым.

**АНЫҚТАМА**

**Бақытжан Қажымұқанов** – қазақ-стандық әнші, композитор, ән өңдеуші, продюсер. Ол Шымкенттегі музыкалық училищені «пианист» мамандығы бойынша бітірген. Одан соң, Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын тәмамдаған. Композитор консерваторияда Еркеғали Рахмадиев, Мансұр Сағатов, Анатолий Бычковтардан сабақ алды.

– Тыңдарман жақында қандай әндеріңізбен қауышады?

– Роза Рымбаева «Ана тілегі» деген әнімді жеке концерттерінде орындап жүр. Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында жұмыс істейтін Әсел деген керемет опера әншісі бар. Соған осыдан 2 жыл бұрын «Астана» деген ән жазып (сөзі – Ринат Зайытовтікі), өңдеп бергенмін. Жақында Анарбек Қалымбетов деген жас әнші «Алтынай» деген әнімді аттай қалап алып, репертуарына қосты. Анарбек осы әннің екінші тынысын ашсын деген ниетпен әдемілеп өңдеп бердім.

– Сіз Роза Рымбаевамен тығыз шығармашылық байланыстасыз. Кезінде «Жарығым»,«Бұл дүние ғайыбы», «Аққу» деген әндеріңізді Роза Қуанышқызы сахнаға жарқыратып алып шықты. Сосын он жылдай уақыт бұрын екеуіңіз «Ән мен әншінің» концертінде ғашықтар туралы ән айтып шықтыңыздар. Бірақ, ол әнді ғаламтордан таба алмадым. Алдағы уақытта тағы да бірігіп ән орындайсыздар ма?

– Жоғарыда сен айтқан әнді өзім де таба алмай жүрмін. Оны Роза екеуміз қайтадан жаздырамыз деп ек, кейін уақыт болмай кетті. Негізі, болашақта Роза Қуанышқызымен бірге әлі де талай әдемі әндерді жарыққа шығарамыз деп ойлаймын.

– Қазір жеңіл-желпі әндер көбейіп кетті дедіңіз. Өзіңіздің әндеріңізді қандай бағытқа жатқызасыз?

– Қазір бізде көше әндері көбейіп кетті. Концерттерге, жобаларға тек сондай әндерді орындаушыларды ғана шақырып, ал менің әндерімді түсінбейтін сияқты... Мысалы, менің Мағжан Жұмабаевтың, Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған салмақты әндерім бар. Білмеймін, ешқайсысы жолатқысы келмейді.

– Өзіңіз апарып, ұсынып көрдіңіз бе?

– Жоқ, ұсынбадым. Бәрі мені бұрыннан біледі ғой. Басқа бағдарламалардан байқайды дегендей.

– Бәлкім, сіздің көп жерге шақырылмауыңызға бұрынырақта біреулермен сөзге келіп, келіспей қалғаныңыз әсер еткен болар?

– Ой, Розажан, мен ешкіммен керіскен емеспін. Өзіммен-өзім тыныш жүрген адаммын. Достарым да көп емес.

– Сонымен, эстрадада бүгін айтылып, ертең ұмытылатын, мағынасыз әндер көп дейсіз ғой?

– Иә. Қазір еш жерге терең, ойлы әндер керек емес. «Неге тек жеңіл әндер сұрайсыңдар?» десең, «ойбай, қазір халықтың жағдайы қиын. Олардың басын қатырмау керек» дейді. Бұл дұрыс емес түсінік деп ойлаймын. Ондай болса, бәрімiз айғайлап жүре берейік, тойға ғана ән жазып... Әр нәрсенің өз орны болады ғой, айналайын! Адамды ойландыратын да, күлдіретін де шығармалар қатар өмір сүруі қажет.

– Сіз тойға арнап ән жазбайсыз ба?

– Жоқ, жазам. Әдейілеп тойға арнамасам да, қоржынымда жеңіл ырғақты әндерім бар. Онсыз болмайды ғой. Репертуарда түрлі-түрлі ән болғаны дұрыс.

– Жұбаныш Жексенұлы жақында сіздің «Бақытты болар» деген әніңізді сахнаға алып шықты. Өте көңілді ән екен.

– Естіген жұрт жақсы деп мақтап жатыр. Бұрынырақта Фариза Оңғарсынованың сөзіне «Мақсат – бақыт бастауы» деген позитивті ән жаздым. Оны Роза Рымбаева мен Мәдина Сәдуақасова айтып шыққанда, халық жылы қабылдады.

– Бірер жыл бұрын Қытай қазағы Арай Айдархан сіздің «Таңғы жасыңызды» орындады. Арай қазақстандық бір телебағдарламада «осыдан 5-6 жыл бұрын Ұлыбританияда хит болған «Apologize», «Someone like you» сияқты әндердің идеясы мен аккорд жолын Бақытжан Қажымұқанов ағамыз сонау 90-жылдары жазып тастаған» деп пікір білдірді. Бұған қатысты не айтасыз?

– Арай айтқан «Таңғы жасты» 1995 жылы өткен «Азия дауысында» шырқағанмын. Сол байқауда ең үздік композитор атандым, лауреат болдым. Ал, әннің стиліне келер болсақ, жоғарыда аталған заманауи әндермен үйлесімділік жағынан ұқсауы мүмкін. Менікі – 90-жылдардың әуені, ал мыналар – заманауи әндер. Бірақ, сол «Таңғы жасты» қазір естісе, заманауи ән деп қабылдайтын тыңдарман көп екенін байқаймын.

Шынымды айтсам, әндерім қалай жазылатынын білмеймін. Ол Құдайдың маған берген бағы болар. Жастайымнан қазақтың Құрманғазы мен Дәулеткерейін, әлемдік классикадан Чайковский, Бетховендердің шығармаларын, британдық рок-топ «Пинк Флойдты», орыстың Андрей Макаревич, Борис Гребенщиков сияқты әртістерін, «Пикник» тобын тыңдап өстім. Солардың бәрін тыңдай келе, ән жаздым. Үнемі сапалы музыка тыңдасаң, нәтижесінде тәуір ән дүниеге келеді. Ал, тек қана Қайрат Нұртас, Төреғали Төреәлі, Заттыбек Көпбосыновтарды тыңдай берсең, одан кейін қайдан ән шығаруың мүмкін? Оны білмеймін...

Жастар бағы өзіміздің Біржан сал, Ақан серінің әндерін, Құрманғазының күйлерін, әлемдік деңгейдегі композиторлардан Бетховен сияқты генийлердің шығармаларын көбірек тыңдаса деп армандаймын. Сонда жақсы шығарма туады, өнер әлемінде жаңалық болады.

– Өзіңіз бойындағы талабын байқап, шығармашылығын ұнатып жүрген жастар бар ма?

– Ондай жастар бар. Тек оларды радиодан естімейсіз, теледидардан көрмейсіз. Себебі, қазір пысықтардың заманы ғой. Беті жылтырағандар эфирге тез өтеді. Өнеріне ешкім қолдау білдірмеген соң, «менің әнім кімге керек дейсің?» деп күдер үзіп жүрген таланттар ел арасында баршылық.

Әнші Арай Айдарханмен бірге – Қытайдағы қазақ музыкант-тарының көпшілігі «90-жылдардағы қазақстандық музыканың идеясы мықты болатын» деген пікірде екен. Арай Айдархан олардың Батырхан Шүкеновке және сізге еліктеп өскенін айтты. Қытай қазақтары сізді қайдан біледі?

– Оларда 1995 жылы мен қатысқан «Азия дауысының» бейнетаспасы бар екен. Сондағы менің әнімді 15 жыл бойы телеарнадағы құттықтау бағдарламасында көрермендер сұрауы бойынша қойып келіпті. Мұны өткенде Қытайға концерт қоюға барғанымда, өздері айтты.

– 2014 жылы Сейфуллин Жолбарыс екеуіңіз «Қазақконцертте» концерт беріпсіздер. Бұл ән кешінің ерекшелігі рояль мен гитараның үндестігінде ме?

– Иә, оның дұрыс, кеш бойы Сейфуллин гитарада, мен роялда ойнадым. Сонымен қатар, бұл концерт екі композитордың бір сахнада отырып, өз әндері және бір-бірінің шығармаларын орындауымен де есте қалды. Мұндайды басқа кімнен көрдіңіз? Қазақтың екі композиторы бірлесіп концерт өткізгенін бұрын естімеген сияқтымын. Абай Әбішев, Ринат Ғайсин сияқты талантты жігіттер келіп, бізді музыкалық аспаппен сүйемелдеді.

– Сіз М. Лермонтовтың өлеңдеріне көп ән жазған екенсіз. Неліктен?

– Себебі, Лермонтовтың өлеңдері менің болмысыма жақын. Қазақ ақындарынан Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын ерекше құрметтеймін. Оның 8-9 өлеңіне ән жаздым. Байқасаңыз, Жұмабаев пен Лермонтовтың табиғаты ұқсайды. Екеуінде де әдемі мұң бар.

– Лермонтов та, Жұмабаев та қиын кезеңдерде өмір сүрді. Біреуі «Прощай, немытая Россия, страна рабов, страна господ» десе, екіншісі «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деп күрсінді. Ал, сіздің жүрегіңіздегі мұң қандай мұң?

– Жалпы, менің табиғатым мұңға жақын. Үнемі ой үстінде жүремін.

– Қазір тек ән жазумен күн көріп жүрсіз бе? Әлде басқа да табыс көздеріңіз бар ма?

– Айтсам, ұяттау болар, бірақ, менде өнерімнен басқа ештеңе жоқ. Баяғыда «Калина красная» деген фильмде бір кейіпкер «Никем больше не могу быть на этой земле – только вором» деуші еді ғой (күлді). Мен де сондаймын. Тек қана шығармашылығыммен нан тауып жүрмін. Пысық емеспін.

– Бұл сұрақты қойған себебім, әнші Арай Айдархан 2 жыл бұрыңғы сұхбатында сізді алыс жолға шығатын көлік жүргізушісі (дальнобойщик) болып жүр екен» депті.

– Жоқ, әңгіме арасында байқамай қосылып кеткен болар. Қиын күндерде қала ішінде аздап таксилеткенім болмаса, алыс жолға шығып көргенім жоқ.

– Білуімше, журналистер сізден өзіңіз туралы емес, атаңыз Қажымұқан Мұңайтпасов туралы көбірек сұрайды екен.

– Иә, журналистер маған «атаңыз туралы айтып беріңізші» деген өтінішпен жиі хабарласады. Менің әкем Қажымұқан атамның 77 жасында дүниеге келген. Қажымұқан атам шешен кісі болған, домбырасын тыңқылдатып, ыңылдап ән салады екен. Атамның палуандығы маған дарымапты. Дегенмен, спортқа жақынмын.

– Продюсерлік орталығыңыз туралы айтып берсеңіз.

– Бұл орталықты биыл шағын командамен аштық. Алдағы уақытта «Әнім менің» деген әніме кішігірім бейнебаян түсіреміз деп жоспарлап отырмыз. Ешқандай демеушіміз жоқ, шама-шарқымызға қарай өзіміз түсіреміз. Бұйырса, көктемде М. Жұмабаевтың сөзіне жазылған барлық әндерімді өзім роялда орындап, концерт бергім келеді. Шығармашылығымызды демеп жіберетін адам керек боп тұрғанын да жасырмаймын.

– Қазір репертуарыңызда қанша ән бар?

– Жалпы саны отыздан асады.

– Тапсырыспен ән жазасыз ба?

– Иә, жазамын.

– Композитор Еркеш Шәкеев маған берген сұхбатында «тапсырыспен жазылған шығарманың жүгі екі есе ауыр болады» деп еді.

– Бұл пікірмен келісемін. Тапсырыс берілсе, оның қаламақысына емес, сенің өнеріңді тағы бір адам ары қарай насихаттайтынына қуанасың.

– Қандай композиторларды жоғары бағалайсыз?

– Еркеш Шәкеевті, Сейфуллин Жолбарысты, кейінгі кездері ән жазып жүрген Медеу Арынбаевты бағалаймын. Өнерпаздардан «Орда», «Ninety one» топтарының репертуарындағы әндердің заманауи сипаты, сауатты өңделуі маған ұнайды.

– Қандай арманыңыз бар?

– Бір қызым бар. Құдай енді ұл берсе екен деп тілеймін. Республика сарайында үлкен концерт беруді көптен бері армандап келемін.

Бұрын бойымда сенім бар еді. Осыдан 10-15 жыл бұрын армандарым таудай болатын. Болашақта бәрін аударып-төңкеріп тастайтындай боп жүретінмін. Қазір жасым 45-ке келді. Заман қиындап кеткен соң, ішімдегі үміт біртіндеп өшіп барады... Ең құрығанда, бір әнімді бүкіл ел білсе екен деймін. Мен өз әндерімді құрметтеуге тырысамын. Себебі, жаман шығарма жазбаймын. Жылына бір-ақ ән жазуым мүмкін. Өз шығармашылығым арқылы тыңдарман талғамының өсуіне ықпал еткім келеді.

Бір-екі жолдасым композитор боламыз деп, енді-енді талпынып жүрген кезде өмірден озды. Солардың тағдырын көрген соң, бойымдағы өнерімді там-тұмдап болса да, халыққа көрсетіп жүрмін ғой деп шүкірлік қыламын.

Мен сияқты ағаларыңды ұмытпай, еске алып, сұхбат құрғаныңа рахмет! Қазақтың өнері жаңа деңгейге көтерілсе екен деп тілеймін! Мен сияқты әншілер қатардан сызылып қалмаса екен деймін...

– Әңгімеңізге рахмет!

***Мақала авторы - Роза Әрен***



# Қалайыдан қазақ батырларының мүсінін құятын шебер

***Ернар Нұрмағамбетов бір жарым жылдан бері қалайыдан қазақ батырларының шағын мүсінін жасаумен айналысып келеді. Шебермен оның «Asian nomads» атты шеберханасында сұхбаттасудың сәті түсті.***

– Ернар, жеке шеберхананызды ашуды көптен бері армандап келгеніңізді білемін. Шеберхананызды қашан аштыңыз? Қазір мұнда қанша адам жұмыс істейді?

– Шеберхана 2016 жылдың сәуір айында ашылды. Ал, мамыр айында ұжым мүшелері жинақталды. Қазір ұжымда шамамен он шақты адам бар. Кейбіреуі жұмыста, енді бірі үйде отырып жұмыс істейді.

– Жұмысқа тек суретшілерді аласыз ба? Әлде мүсіндерді бояу ісі кез келген адамның қолынан келе ме?

– Егер, жақсылап үйретсеңіз, бұл – кез келген адамның қолынан келетін іс. Бірақ, оған көп уақыт кетеді. Сондықтан, мен үшін бұрыннан қолына қылқалам ұстап үйренген, бояуды араластырып, мүсінді «сезіне» білетін суретшілерді жұмысқа алған оңайырақ. Бірақ, бұл жұмыс асқан төзімділік пен уақытты талап ететіндіктен, суретшінің өзі оны ұнатпаса, бірден істі тастап кетеді.

– Осы жобамен айналысқаныңызға қанша жыл болды?

– Бір жарым жыл.

– Бір жарым жылда қанша мүсін жасадыңыздар?

– Шамамен 2 мыңдай.

– Неліктен батырларға жеке-жеке ат бермедіңіз? Мысалы, мынау Қабанбай, мынау Бөгенбай деп...

– Мұндай тәуекелге барсам, сынға ұшырайтын едім.

– Рушылдық мәселесін айтып отырсыз ба?

– Иә. Сосын біреулер «түрі ұқсамайды», «неге мұны емес, ана батырды жасамадың?» деуі мүмкін. Ойланбай айта салса да, мұндай пікір шығармашылық адамының көңіл-күйіне әсер етеді. Сондықтан, бұл мәселеге нейтрал қарағанды жөн көрдім.

– Мамандығыңыз кім?

– Экономист.

– Суретшінің оқуын да бітіргенсіз бе?

– Жоқ. Барлығын өзім ғаламтордан қарап үйрендім. Бала күнімнен бері сурет салып келе жатырмын деп айта алмаймын. Бұл іске бір жарым жыл бұрын ден қойдым. Фигураларды бояумен айналысатын шебер Михаил Шиловтың шеберлік дәрісіне қатыстым, астаналық Екатерина есімді суретшіден сабақ алдым. Оның алдында мен адамның түрәлпетін нашар салатынмын.

– Яғни, егер ынтам болса, бұл іс менің де қолымнан келеді. Солай ма?

– Әрине, ықыласыңыз бен уақытыңыз болса, сіздің де қолыңыздан келеді.

– Естуімше, қазақ батырларының мүсіндеріне шетелдіктер ерекше қызығушылық танытып отыр екен.

– Ол рас. Сәуір айынан бері Жапония, Үндістан, Қытай, Ресей, Украина, Ұлыбритания, АҚШ, жалпы саны 30-дан астам елден тапсырыс келіп түсті. Сондай-ақ, қазақ батырларының мүсіні Венгрияда өткен түркі халықтарының құрылтайында және тағы басқа халықаралық шараларда қойылып жүр.

– Аз уақыт ішінде осыншама елмен қалайша тез байланыс орнатып үлгердіңіз?

– Менің бизнесім әзірше шағын бизнес болғандықтан, жарнамалау жағы кемшіндеу болып тұр. Сол себепті, мүсіндерді әлеуметтік желілер арқылы жарнамалап отырмын. Барлық тұтынушылар мені «фейсбуктен» іздеп тапты. Шынымды айтсам, маған жарнама жағынан әлеуметтік желідегі қарапайым адамдар көп көмектеседі. Олар мүсіндердің суретімен бөліседі, маған әртүрлі жәрмеңкелер мен көрмелердің кестесін жібереді. Менің ешқандай демеушім жоқ. Жобаны бастау үшін грант та, несие де алмадым.

– Бұдан басқа қандай проблемаларыңыз бар?

– Мәселе көп қой. Мысалы, қызметкерлер санының жетіспеушілігі, шеберлерді үйретуге көп уақыт жұмсалатындығы (соның кесірінен жұмыс қарқыны баяулайды), өзіміздің жеке сауда нүктеміздің жоқтығы. Бірақ, бұлардың барлығы уақыт өте келе шешілетінін білемін. Әзірше мүсіндерді көтерме бағамен сатып отырмыз.

– Олар Қазақстанның қай өңірлерінде сатылып жатыр?

– Қазір Алматы, Қызылорда, Қостанай, Қарағанды және Астанада әріптестеріміз бар. Сайт арқылы тапсырыс жасалса, Қазақстанның кез келген жеріне өзіміз пошта арқылы салып жібереміз. Пошта жеткізуінің ақысын біз төлейміз. Ал, шетелге жіберу құны қымбат, оны тапсырыс берушінің өзі төлейді.

– Ғаламторда сіз жасаған мүсіндерге қатысты оң пікір білдіретін жандар көп екенін байқаймын. Ал, сын айтқан кісілер болды ма?

– Алғашында біреу сын айтса, қабылдай алмайтынмын. Біреулер «мына батырларың қазаққа ұқсамайды ғой» десе, ренжіп қалатын едім. Бірақ, бұл еңбектің артында үлкен ізденіс тұрғанын адамдардың барлығы бірдей түсіну мүмкін емес нәрсе ғой. Барлық оқырмандарға мүсіндерді құр фантазияма ғана сүйеніп жасамағанымды айтқым келеді. Сарбаздардың сауыты мен қару-жарағындағы әрбір детальды музей экспонаттары мен археологтардың еңбегіне сүйеніп жасадым.

– Ал, кәсіби мамандар қандай баға берді?

– Олар мүсіндегі детальдардың позициясы және тарихына қатысты дұрыс сын айтты. Ол пікірлер жақында жарыққа шығатын жұмыстарымды жасағанда ескерілді.

– Сізді әлеуметтік желіде сынайтын кейбір жандардың мүсін өнеріне қатысты орынсыз, таяздау пікірлері қынжылтпай ма?

– Жоқ, себебі, олар бұған кінәлі емес қой. Қазір көп адамдар жалақыдан жалақыға дейін күн көреді. Олар қалтасындағы артық 2-3 мың теңгесіне қуанып жүргенде, сіз мүсін туралы әңгіме айтасыз... Бұл оларға ауадай қажет нәрсе емес екенін мойындайық. Сондықтан, олар осы өнерге қызығушылық танытпағаны үшін кінәлі емес. Коллекция жинауға әркімнің жағдайы жете бермейтіні де белгілі. Әркімнің қызығушылығы әртүрлі болғандықтан, біреуді қинап театрға, музейге апара алмаймыз. Менің басты мақсатым – адамдарды осы іске қызықтыру. Таңдау– олардың өз еркінде.

– Тек қана сіздің батырларыңыздан коллекция жинап жүргендер бар ма?

– Иә. БАҚ пен әлеуметтік желілердің арқасында ондай жандардың саны күн санап өсіп келеді.

– Мүсіндердің стандартты көлемі қандай?

– Бойы – шамамен 6 см. Ал, көлемі 1:32. Бұл – коллекция жинаушылар арасында аса танымал масштаб. Мен салт атты батырдан гөрі жаяу әскердің мүсінін көбірек жасадым. Неліктен десеңіз, салт атты әскердің мүсінін жасауға материал көбірек жұмсалады, сосын оны бояу да біраз уақыт алады.

– «Батырларыңыздың» баға-сы қанша?

– Боялмаған мүсін 4 мың теңге, ал, боялғаны 6 мың теңге тұрады. Бұлардың бағасын жазарда алыс-жақын елдердегі мүсін жасайтын шеберханалардағы бағаларды да ескердім. Мүсіндер бастан-аяқ қолмен жасалатындығын, сондай-ақ, олардың таралым саны шектеулі екенін ескерсек, бағасы қолжетімді деп айтуға болады. Әрқайсысының қорабында мүсіннің үш тілдегі сипаттамасы жазылған, бәрі жеке-жеке нөмірленген.

– Бұларды нөмірлеуіңізге не себеп болды?

– Қазір мүмкіндігімше мүсін қашан, қайда сатылғанын өзіме жазып алып жүрмін. Өйткені, болашақта осы хобби сәнге айналып, Қазақстанда коллекция жинаушылар көбейеді. Сол кезде батырларға арналған мүсіндер туралы дерек жұртқа жетсе екен деймін. Батырлардың таралымы – мың дана. Осы мың мүсіннің барлығы нөмірленген.

– Мен сізден «Қазақ аруларының» сериясын қашан жасайсыз?» деп сұрағалы келген едім. Байқасам, сіз бұл іске кірісіп те кеткен екенсіз.

– Иә (мүсінші өзі жасаған үкілі аруды көрсетті – ред). Алдымен, ұлттық киімдегі ару, сосын басқы дүниеге келді. Енді біршама уақыттан соң, бүркітші мен ақ жаулықты әженің мүсіні де дайын болады.

– Алдағы уақытта ертегі кейіпкерлерінің мүсінін жасауға қалай қарайсыз?

– Бұйырса, бастаған шағын кәсібім бір арнаға түскен соң, ойыншық мүсіндер сериясын ашуды жоспарлап отырмын. Ер Төстік, Тазша бала, Алдар көсе сияқты көпке танымал кейіпкерлердің пластик нұсқасын жасап шығарсам деймін. Олар сапасы жағынан «Шляйх» деген танымал фирманың пластик ойыншықтарына ұқсас болғанын қалаймын. Бірақ, бұл жоспар бизнесіміздің қалай жүргеніне тікелей байланысты.

Бақсы

– Қазақ батырларының мүсінін жасайтын басқа да шеберлерді білесіз бе?

– Жоқ. Қазақстанда және әлемде қазақ батырларының шағын мүсіндерін жасауды алғаш қолға алған адам алдыңызда отыр. Бұған дейін қазақ батырларына арналған мүсін не ойыншық шығарған адам туралы естіген емеспін. Бірақ, Астана, Алматы мен Қарағандыда басқа коллекцияларды жинайтын және бояйтын жандарды білемін.

– Жеке коллекцияңыз бар ма?

– Иә, бала күнімнен коллекция жинаумен әуестендім. Көшпенді халықтардың тарихына бала күнімнен қызығамын. Скиф, ғұн, моңғол, грек сарбаздарының, орыс солдаттарының мүсінін жинадым. Осы кәсіпті ашу үшін жинаған мүсіндерімнің біразын сатуға тура келді.

Ернар Нұрмағамбетовтің коллекциясындағы шетелдік мүсіндер

Ернар Нұрмағамбетовтің коллекциясындағы шетелдік мүсіндер

Ернар Нұрмағамбетовтің коллекциясындағы шетелдік мүсіндер

– Патент алу мәселесі қалай болып жатыр?

– Қазір қазақстандық патенттің құжаттарын рәсімдеп жатқан жайым бар.

– Күніне қанша мүсінді бояйсыздар? Бір мүсінге қанша уақыт жұмсалады?

– Күніне шамамен 4-5 мүсін боялып, 10 мүсін құйылады. Бір мүсінге бастан-аяқ 4 ай уақыт жұмсалады.

– Алдағы уақытта батырлар топтамасын жасау ойда бар ма?

– Иә, 8 жаяу әскер, екі салт атты батырдан тұратын топтама жасағым келеді. Бұл жердегі екі салт атты – Керей және Жәнібек хандар. Осындай 10 батырдан тұратын топтаманың 50 данасын жарыққа шығаруды ойлап жүрмін.

– Қандай арманыңыз бар?

– Алдағы уақытта Кенесары ханның, Бөгенбай батырдың, Абай Құнанбаевтың, Бауыржан Момышұлының мүсіндерін жасағым келеді. Мүсін құятын жабдық сатып алуды армандап жүрмін. Сондай-ақ, «Отырардың күйреуі» сияқты үлкен шайқастың реконструкциясын қолға алғым келеді. Мен әлі жаспын, бұйырса, ойға алған жобаларымның бәрін жүзеге асырам деп үміттенемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

***Суреттерді түсірген – Нұрбек ӘЛМАНБЕТОВ***
***Мақала авторы - Роза Әрен***

# Серік Сәлиевтің жаңа белесі

Боксшылардың өмірі қалай өтуі мүмкін? Миллионнан бірі чемпион болады. Жеңіспен оралған жас спортшыны халқы төбесіне көтеріп құрметтейді. Бір-екі жылдан кейін жеңімпаздың бар жоғы да байқалмай, көп чемпионның арасына су секілді сіңіп кетеді. Қолынан келгені бапкер болады. Мен мұны боксшыларды ренжіткім келгендіктен жазып отырғаным жоқ.(Ренжітуге кімнің батылы барады?) Айтайын дегенім, бүгінгі менің кейіпкерімнің ерекшілігі — ол боксшыларға жабылған стереотипті бұзған адам.

Серік Сәпиев кім? Иә, сіз оны Олимпиада чемпионы, Вэл Баркер кубогының иегері ретінде тануыңыз мүмкін. Алайда Серік бүгінде өмірінің жаңа белесін бағындыруда. Үлкен спортпен қоштасқаннан кейін «Болашақ» бағдарламасымен Англияда білім алды, бүгінде «Astana Arlans» бокс клубының тізгінін ұстап отыр.

— Үлкен спортпен енді қоштасқан боксшы үшін бас менеджер қызметін алу қаншалықты қиын болды?

— «Astana Arlans» клубының директоры қызметіне сайлануым мен үшін күтпеген жайт болғаны рас. Басшылық қызметте тәжірибемнің болмауы алғашында біршама қиындықтар туғызды. Екі ай ішінде әріптестерімнің арқасында бұл саланың қыр-сырын меңгеріп алдым. Бүгінде де қиындықтар жоқ емес. Қаражаттың уақытылы түспеуі секілді кішігірім мәселелер болып тұрады. Дегенмен, барлығы шешуге болатын қиындықтар. Тіпті мұны қиындық деп айтуға да келмес. Біздің алдымызға міндет қойылады. Мысалы, өңірлерде бокс кешін өткізу, келіссөз жүргізу секілді... Қойылған міндеттерді орындауымыз қажет.

— Өңірлер демекші, осы маусымда қай қалаларда бокс кешін өткізуді жоспарлап отырсыздар?

— Алдыңғы маусымда кездесулер еліміздің төрт қаласында өткізілген болатын. Ал осы маусымда әзірге нақты үш қаланың атын атай аламын. Олар: Атырау, Тараз және Талдықорған. Бұл қалаларда «Астана арландарының» бокс кеші бұрын-соңды өтпеген. Ал, егер топтық кезеңнен шығып жатсақ, тағы бір қалада бокс кешін ұйымдастыруға мүмкіндік аламыз. Бір байқағаным, өңірлерде бокс кешіне деген қызығушылық Алматы мен Астана қалаларына қарағанда жоғары.

— Атқарып жатқан қызметіңіздің болашағын қалай бағалар едіңіз?

— Сізге қалай айтсам екен... Мен мұнымен тоқтап қалғым келмейді. Болашақта қазақ спортының дамуына өз үлесімді қоссам деймін.

— Демек, қалай болғанда да спорт саласынан қол үзбейсіз ғой?

— Иә. Бұл менің білетін салам. Мысалы, мемлекеттік қызметке барсам, барлығын басынан үйренуге тура келеді. Жалпы, Қазақстанда спорт өте қарқынды дамып келеді. Өзіңіз байқасаңыз, әр жыл сайын медальдарымыздың саны артуда. Елімізде спорт кешендерінің саны артуда, тиісінше спортпен айналысатын адамдардың саны да өсуде. Сондықтан спорт менеджментінің болашағы өте зор деп есептеймін.

— «Astana Arlans» жобасы өзін-өзі ақтап жатыр ма? Қаржыландырусыз клуб өз табысына өмір сүре ала ма?

— Жалпы WSB лигасы әлем бойынша өзін ақтамайтын жоба. Әр мемлекет өз клубына ақша салып, кәсіби боксты дамыту үшін еңбек етеді. Astana Arlans-қа келер болсақ, бұл жоба да қаржылық тұрғыда өзін ақтап жатқан жоқ. Өкінішке қарай, біздің елде телекөрсетілімдерден ақша табу жүйесі әлі дамымаған. Осыған қарамастан бізге қолдау білдіріп жүрген азаматтарға алғыс айтқым келеді. Алғашқыда телеарналардан бокс кештерін көрсету үшін біз ақша төлеген болсақ, бүгінде керісінше. Мысалы, алдыңғы маусымда «Хабар» телеарнасымен келісім-шарт жасалды. Бұл да біз үшін кішігірім жеңіс. Шамамен алғанда бізге бөлінетін қаражаттың 30%-ын билеттер мен телекөрсетілім арқылы жауып отырмыз.

— WSB лигасында чемпион атанған командаға берілетін сыйақы мөлшері қанша?

— Бірінші орын алған командаға 500 мың доллар беріледі.

— Бұл футболдан түсетін сыйақы мөлшерімен салыстырғанда тиын-тебен екен ғой?

— (күліп) Иә, футболмен салыстырсақ тиын-тебен. Қателеспесем футболда Чемпиондар лигасында тең ойнаған командалардың өзіне миллионнан аса сыйақы беріледі. Осы мүмкіндікті пайдаланып, «Astana Arlans» — екі тарапқа да пайдалы ынтымақтастыққа дайын екенін айтқым келеді.

— Осыдан бір-екі жыл бұрын берген сұхбатыңызда «Астана арланстың жасөспірімдер клубын ашамыз»деген едіңіз?

— Айтқаным рас, бірақ барлығы қаражатқа келіп тіреліп отыр. Жоспарымызда еліміздегі кәсіби боксшыларды, жастардың басын қосатын жоба болған. Алайда алдағы бір-екі жылда ондай бокс мектебі ашылмайды.

— Балаларды бірден кәсіби боксқа дайындау қаншалықты тиімді?

— Дайындауға болады. Бірақ мұндай жобаның шығыны көп. Әуесқой бокста белгілі бір жетістікке жетіп, Олимпиада чемпионы атанған спортшыларға батыстан ұсыныстар өзі-ақ түседі. Ал өздігіңнен кәсіби бокста ақша табу өте қиын.

— Боксшылармен бірге жаттығасыз ба? Мүмкін жаттығу барысында бапкерлік кеңес те айтатын боларсыз?

— Иә, жаттығуларға барып тұрамын. Бірақ бапкерлердің ісіне араласпауға тырысамын. Әйтпесе жаттықтырушылар «Балам, ты боксер а не тренер. Я тренером 20 лет работаю» дейді. Сондықтан, жаттығуларды сырттай бақылаймын.

— Кәсіби спортты тастағаныңызға біраз уақыт болды. Бүгінде бос уақытыңызды қалай өткізесіз? Жалпы, спорт менеджерінің күн тәртібі қалай өтеді?

— Жаттығудан кейін бассейнге шомылуға барсам, ватерполошылар (су полосы. Ред.) жүзуге кедергі келтіре берді. Бір күні ойнап жүрген жігіттер командаға қосыл деп қоймағасын, ойнап көрдім. Ұнады. Қазір хобби ретінде бос уақытымда су полосымен айналысамын... Жұмыс күнім таңғы сағат тоғызда басталады. Күнделікті кездесулер, жиналыстар, өңірлерге барып кездесулер өткіземін. Жұмысым нақты бір уақытта бітеді деп айта алмаймын. Бастысы өзіме ұнайды.

***Сурет - Нұрбек Әлманбет***
***Мақала авторы - Рүстем Әлпи***



# Астанада ортопедиялық матрас өндірілетінін білесіз бе?

***Астана іргесіндегі Қоянды ауылында шағын алайда өте маңызды өндіріс орыны жұмыс істейді. Кәсібін дөңгелетіп отырған Асхат Қапас есімді кәсіпкер серіппелі ортопедиялық матрастар мен жастықтарды «Жанұя» сауда белгісімен өндіреді. 12 жыл бұрын отандық сауда нарығына қосылған қазақстандық тауар сапасымен танымал. Отандық өнімді қолмен ұстап, көзбен көру үшін цехқа барып,ондағы жұмыс процессімен жақынырақ таныстық.***

Серіппелі матрас өндіретін цехқа бармас бұрын, «Жанұя» сауда белгісімен өндірілген өнімдер сатылатын дүкенге бас сұқтық. Сатылымға қойылған өнімдер көз тартады. Шынымен де Астанада жасалған матрастардың сапасы Ресей немесе Түркия елдерінен келетін матрастардан асып түспесе кем емес. Және бір айта кетерлігі, дүкен сөрелерінде табиғи таза киізден жасалған, түрлі-түсті оюлары көздің жауын алатын сырмақтар да бар екен. (Бұл туралы сәл кейінірек тоқталамыз).

**Асхат Қапас, цех директоры**

Мен 2001 жылы Қытайдан тарихи Отаныма көшіп келдім. Қытайда мектепте мұғалім болғанмын. Қазақстанға келгеннен кейін ұстаздық қызметімді жалғастыруға мүмкіндік болмады. Тіл мәселесі қиын болды. Сол себепті күнкөріс үшін өзге кәсіппен айналысуға тура келді. Кәсіптің түрлі саласын сұрыптай келе, серіппелі ортопедиялық матрас өндіруді қолға алдым. Неге, десеңіз мұндай өндіріс еліміздің солтүстік өңірінде жоқ екен. Бұған қоса, Астана – еліміздің орталығы, мұнда жыл өткен сайын халықтың саны өсіп келеді. Қонақ үйлер мен жатақханалар, балабақшалар көптеп ашылуда. Осындай мекемелерді өзімізде өндірілетін серіппелі матрастармен қамтамасыз етуді көздедім. Шет елден келетін тауар бағасы отандық өнімдерге қарағанда әлдеқайда қымбат екенін сіз жақсы білесіз. Ал, сапа жағынан алсақ біз жасап жатқан өнімдердің сапасы сырттан келетін матрастардан еш кем емес. Ал, бағасы қолжетімді. Осылайша шағын цех ашып, 2002 жылы қаңтар айынан бастап өнімдеріміз өмірге келді. Кейін «Жанұя» сауда белгісін алдық. Сауда белгісін еншілеу үшін ең бірінші өнімнің сапасы талаптарға сай болу керек. Сапа стандарттарына толыққанды жауап беретіндіктен, Қазақстанның сауда нарығында «Жанұя» сауда белгісімен таныла бастадық.

Асхат аға бастапқыда цехты жалға алып жұмыс жасағандықтарын тілге тиек етті. «Астанада мекемені жалға алу өте қымбат. Сондықтан, тапқан табысмыздың жартысын жалға бермес үшін, қала іргесіндегі Қояндыдан жер сатып алып, цех салдық. Цехтың аумағы 300 шаршы метр. Ішіндегі станоктар мен қондырғылар Қытай мен Ресейден әкелінген. Шикізатты жартылай Қазақстанның өзге қалалары мен Қытайдан әкелеміз» – дейді ол.

– Аға, тұрақты тұтынушыларыңыз кім?

– Біздің тұтынушыларымыздың басым көпшілігі жиһаз өндіретін кәсіпкерлер. Шаһардағы әлеуметтік мекемелер мәселен, жатақханалар, қарттар үйі, балалар үйі, қонақ үйлер тапсырыс жасап жатады. Былтыр Астанада мың орынға лайықталған жатақхана ашылды, тапсырысқа сай толықтай біз оларды матраспен қамтамасыз еттік. Айына бір мың матрас өндіруге қауқарымыз бар.

– Жылына қанша тапсырыс аласыздар?

– Орта есеппен алғанда соңғы екі жылда тапсырыс саны азайып кетті. Енді Кедендік Одаққа мүше елдердің еркін сауда айналымы енгізілуіне байланысты еліміздің сауда нарығына сырт мемлекеттер өндіретін серіппелі матрастар көптеп келуде. Бұл жағдай әрине отандық тауарларға әсерін тигізбей қойған жоқ. Бүгінгі таңда бәсекелестік артып отыр. Сонда да біз бәсекелестікке төтеп беріп, сапалы өнім өндіру арқылы тұтынушыларымызды жоғалтпауға тырысамыз.

Біздің тұрғылықты халықтың менталитеті қызық қой, қандай тауар болса да «Ресей өндірген» десе жабыса кетеді. Отандық өніммен салыстырып қарағанда ресейлік өнім нашар болып тұрса да «ресейлік тауар жақсы» деп соны таңдайтын тұтынушылар болады екен. Отандық өнімдерді өзіміз қолдамасақ, өзіміз таңдамасақ осындай шағын кәсіпорындарды кім алға сүйрейді?

Бастапқы жылдары жылына 5000-6000 серіппелі матрасқа дейін өндіретінбіз, соңғы екі жылда тапсырыс көлемі 2000-ға дейін түсіп кетті. Негізгі бәсекелес елдер Ресей мен Белорусия болғандықтан тауардың өтімділігіне қалай да әсерін тигізері анық. Теңгенің құнсыздануы да ықпал етіп отыр.

– Асхат мырза, шикізатты жаңа сіз Қытайдан әкелеміз деп айтып қалдыңыз. Матрас өндіруге қажетті шикізат сонда Қазақстанда жоқ па?

– Қазақстанда темір көп қой, алайда дәл серіппелі матрасқа арналып өңделген темір бізде жоқ. Паралонды Өскемен мен Павлодар қаласынан аламыз. Матрасты тыстаған мата, серіппе, паралонмен қоса төсейтін кокос койрасы, латекс секілді өнімдерді Қытайдан әкелеміз. Кокос – Қытайдың ыстық жері оңтүстік өңірінде теңіз жағасында өсетін ағаштың жапырағы. Кокостың денсаулыққа пайдасы зор, қыста жылы, жазда салқын. Латекс – паралоннан жақсы, бірақ ол да бізде өндірілмейді. Адамның денесіне жағымды, әрі пайдалы болғандықтан тұтынушылар тарапынан латекс пен кокосқа сұраныс жоғары. Матрасты тыстайтын матаның ішкі және сыртқы қабатын мақтадан жасатамыз.

**Нұргүл Хамиолла:**

Серіппелі матрастарға үнемі тапсырыс бола бермейді. Жұмысшылардың кейде бос отырып қалатын кездері болады. Уақытты ұтымды пайдалану мақсатында киізден ою ойып, сырмақ жасауды қолға алдық. Киізді дайын өңделген әрі боялған күйінде Қытайдан әкелеміз. Қытайда тұратын қандас бауырларымыз тері және жүн өндірісін дұрыс жолға қойған. Олар таза табиғи жүнді өңдеп, бояп киз жасап сатады. Бүгінгі заманда технологиялар дамыды, бұрын ата-бабаларымыз жүнді сабап, киіз басып, сосын түрлі түске бояйтын болса, қазір арнайы технологиямен жүн өңдеуге болады. Қытайдағы қазақтар осы кәсіпті дөңгелетіп отырғандарына 7-8 жыл болды. Таза табиғи қой жүнінен жасалған түрлі түсті киізден ою ойып, әдемі сырмақ жасап көрейік деп шештік. Мұндағы менің мақсатым – ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, сол арқылы жойылып бара жатқан қолөнерді насихаттау. Әрі жылы, әрі пайдалы, әрі қазақи нақыштағы өнімдерді еденімізге төсеп қойсақ қандай жақсы. Өсіп-өркендеп келе жатқан тәуелсіз елімізге әркім өзінше үлес қосқысы келеді. Мен қолымнан келгенше ұлттық колориттерге бай, таза әрі табиғи өнімдерді халық игілігіне ұсыну арқылы өз үлесімді қосқым келді.

Кәсіпорында «Алмаз», «Мәрмәр», «Мамық», «Бриллиант», «Балауса», «Меруерт» секілді атаулармен сан түрлі серіппелі матрастар өндіріледі. Әр матрастың атауына сай құрамының ерекшелігі бар. Өндірушілер үш жылға кепілдік береді.

Шағын цех 10-ға жуық адамға жұмыс беріп отыр.

Сауда нарығында «Жанұя» сауда белгісімен аты танылған кәсіпорын бүгінгі таңда таза киізден өндірілген сырмақтардан басқа ұлттық нақыштағы киімдер тіге бастады. Ұлттық костюмнің түр-түрі он саусағынан өнер тамған Гүлнұр Тоқан есімді тігінші апайымыздың қолынан шығады.

Бұл – киіз үйдің ішіне үлгі ретінде төселген оюлы сырмақ. Осы цехта жасалған.

**P.S.**

Серіппелі матрас өндіретін цех жұмысымен танысқаннан кейін талпынған адамға мүмкін емес нәрсе жоқ екен деген ойға келдік. Шынымен де, өз жерімізде, көрікті Астанамызда ортопедиялық матрас өндіретін кәсіп ашып, отандық кәсіпкерлікті дамытуға өзіндік үлес қосып отырған Асхат ағамызға тек сәттілік тілеадік. Бәсекелестік дүркіреп тұрған бүгінгі заманда алпауыт көршілес елдерден келіп жатқан тауарлардың легі осындай шағын кәсіпорындардың жұмысын тұралатып, ілгері емес кері кетуіне әсерін тигізбесіне кім кепіл? «Жанұя» сауда белгісімен шығатын отандық өнімдер бәсекелестік айқасында жұтылып кетпей, қарқынын үдете түссе екен. Ресми деректерге сүйенсек, 2017 жылы Астанада өтетін халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесіне байланысты шаһарда 38 қонақ үй бой көтереді. Салынатын қонақ үйлер қазақстандық кәсіпкерлік пен отандық өнімдерді қолдап, Асхат Қапас секілді кәсіпкерлерге тапсырыс берсе тамаша.

***Сурет - Нұрбек Әлманбетов***
***Мақала авторы - Бақытгүл Абайқызы***













# «Астана, на стыке Евразии»

Прилетая в какой-нибудь заграничный город, первое впечатление о стране вы получаете из места которое видите первым, это аэропорт. Как он устроен, насколько он удобен, современен, комфортен, для вас, что бы переждать несколько часов для пересадки на другой рейс. И исходя из этого, у вас уже складывается мнение о стране в целом. И если театр начинается с вешалки, то знакомство со страной начинается со здания аэропорта. Таким образом, аэропорт стал не только местом прибытия самолетов, но и визитной карточкой страны. Об этом и не только, нам удалось поговорить с Паолом Ричиотти, возглавляющим аэропорт Астаны.

***Журналист(Ж):*** *- Спасибо за Ваше согласие дать интервью. Насколько я знаю в Казахстане Вы с 2012 года, расскажите первые впечатления о нашей стране и аэропорте?*



**Паоло Ричиотти(П. Р.)**:- Если быть точным, я приехал в Казахстан в конце января 2013 года. Мне повезло, я работал в разных частях мира, я итальянец и поэтому начинал свою карьеру в Италии. Затем я работал 11 лет в совместном предприятии между Европой и Африкой, далее 18 лет в компании «CathayPacificAirways», работал в Италии, Франции, Кореи. 8 лет в Гонконге, в конце 2000 вернулся в Италию и 8.5 лет работал в аэропортах Милана. То есть в течение моей карьеры я работал в авиакомпаниях и аэропортах. Казахстан это новый опыт для меня, и обычно такая большая страна как Казахстан ассоциируется с Алма - атой, так как Алма-ата является коммерческим центром. И я был удивлен увидеть в столице аэропорт, который по моему мнению был немного мал и возможно требовал улучшений. И в те дни, когда я путешествовал межу Алма - атой и Астаной, Астанинский аэропорт показался более молодым и приветливым. Я должен сказать, что, прежде всего, был удивлен открытостью и приветливостью казахстанцев и энтузиазмом молодых людей в работе и реализации дел. Во время моей первой работы с «Air Astana», где я работал директором по наземному обслуживанию, мы смогли за довольно короткий период времени внедрить системы, которые бы заняли больше времени для запуска в другом месте.

***Ж:*** *- С 2016, Вы, стали руководителем аэропорта Астаны, какие задачи были поставлены перед вами, как перед новым руководителем, что удалось уже реализовать?*

**П. Р.**:- Мне была дана очень четкая задача, обеспечить завершение строительства нового терминала, разработать новые процедуры для работы нового терминала и ввести его в эксплуатацию, это то чего мы сейчас добились. Здание готово на 98%, остались мелкие задачи. Так же была поставлена задача, создать новую структуру, чтобы терминал работал на международных стандартах.

***Ж:*** *- Совсем недавно закончилось «ЭКСПО-2017», большое количество иностранных гостей и увеличение потока внутреннего туризма и все это было серьезной проверкой работы аэропорта.*

**П. Р.**: - Изначально предполагалось, что строительство терминала завершится в мае 2017 года, но фактически когда мы открылись 1 июня, терминал еще не был завершен, работала одна парковка и постепенно в период июль-август, мы вводили в эксплуатацию другие части терминала. Это был вызов для нас, потому что мы работали с терминалом, который был не до конца завершен, но благодаря, в первую очередь обязательству наших сотрудников, благодаря процедурам которые мы внедрили для работы нового терминала, мы смогли обслужить весь пассажиропоток во время «ЭКСПО», без каких- либо значительных проблем. Что касается открытия нового терминала, везде по всему миру, завершение строительства до фактического открытия терминала, занимает обычно несколько месяцев. Мы фактически ввели его в эксплуатацию, когда он еще завершался. Говоря, про пассажиропоток во время «ЭКСПО», это было значительное увеличение для нас. Мы смогли привлечь новые авиакомпании, такие как «Air China», «Wizzair», «Finnair» и другие, плюс Air Astana добавила 27 еженедельных рейсов. За период «ЭКСПО» до середины октября мы зафиксировали 54% рост международного пассажиропотока и 24% увеличения внутреннего трафика по сравнению за аналогичный период прошлого года. И теперь, конечно же, после «ЭКСПО» пассажиропоток снизился, по разным причинам, первое, это конечно завершение «ЭКСПО», второе, что сезон чартерных рейсов, туристических сейчас закрывается. А октябрь и ноябрь это обычно сезоны низкого пассажиропотока.

***Ж:*** *- какие новые маршруты будут открыты внутри страны и в ближайшем зарубежье?*

**П. Р.**: - Мы каждый день работаем над этим, мы в постоянном контакте с авиакомпаниями. На данный момент, самый большой вызов для нас, это позиционировать аэропорт Астаны, в качестве хаба Центральной Азии. Почему мы хотим это сделать. Во-первых это программа президента «Нурлы Жол».



Астана развивает новый международный финансовый центр. И так же ведется большая работа по продвижению туризма в Казахстане. Поэтому нам нужно создавать больше стыковок,



